

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 4 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

31.01.2024

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD Ж.Нурматов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Төлегенов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Д.Шауенов; академиялық персонал – А.Бейсенов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ф.Камалова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Исаев; АК мүшесі, академиялық персонал – филос.ғ.к. Г.Шадинова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Е.Жиенбаев; АК мүшесі, академиялық персонал – Л.Алиева; АК мүшесі, академиялық персонал – Ы.Нурмагомбетова; АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент Г.Примкулова; АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., А.Сандыбаева; жұмыс беруші өкілі – М.Халықов; жұмыс беруші өкілі – М.Тастанбеков; жұмыс беруші өкілі – К.Жетібаев; жұмыс беруші өкілі – Т.Мендібаева; жұмыс беруші өкілі – Р.Ашимов; білімгерлер өкілі – Б.Мауленкул; білімгерлер өкілі – П.Ұлмекен; білімгерлер өкілі – Қ.Баймағамбетов; білімгерлер өкілі – М.Қамбар; білімгерлер өкілі – А.Алибек; білімгерлер өкілі – Ұ.Төлсеутаева; білімгерлер өкілі – А.Шахман; білімгерлер өкілі – А.Кусан; білімгерлер өкілі – А.Маукенбай; білімгерлер өкілі – Н.Егінберлі.

Күн тәртібі:

1. ББ-ларына мониторинг жүргізу
2. Қаңтар айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Ж.Нурматов: Құрметті әріптестер! Қаңтар айында Гуманитарлық ғылымдар даярлау бағыты бойынша ББ-на мониторинг жүргізу жоспарланған. Осы бағыт бойынша (6B02228-Дінтану, 6B02229-Теология, 6B02231-Тарих, 6B02267-Түркітану, 6B02266-Исламтану, 6B02286-Философия-дінтану, 7M02262-Теология, 7M02211-Дінтану, 7M02210-Тарих, 7M02212 Түркітану) білім беру бағдарламаларына мониторинг жүргізуіміз қажет. Мониторинг жүргізу барысында жұмыс берушілердің білім беру бағдарламаларға пікірі өте маңызды. Сондықтан да студенттердің практика жұмыстарын үйлестіру және жұмыс берушілердің білім беру бағдарламаларға қанағаттану деңгейін анықтап, талдау жасауымыз қажет. Бұл алдағы білім беру бағдарламалардың мазмұнын жақсарту тұрғысынан маңызды. Осы мәселе бойынша өз ойларыңызды айтсаңыздар.

АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ф.Камалова: Қолданыстағы білім беру бағдарламасы 2022-2023 оқу жылында жаңартқанымыз үшін, осы білім беру бағдарлама келесі оқу жылы үшін де тиімді деп ойлаймын. Факультетіміздегі білім беру бағдарламасы бойынша мониторинг жұмыстары жүргізілуде.

АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент Г.Примкулова: Білім беру бағдарламалардың оқыту нәтижелері мен құзыреттері студенттердің біліктілігін арттыруға бағытталған. Біз бұны оқу тәжірибесі, өндірістік практикалардан өту

барысында көре аламыз. Себебі теориялық алған білімнің нәтижесі практикада байқалады.

ШЕШІМ:

1. Қантар айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Ж.Нурматов

Хатшысы:



М.Төлеген